



ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

« 19 » ақпан 20 25 ж./г.

Қызылорда қаласы

№ 33

город Кызылорда

Қызылорда облысында 2025 жылға арналған мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын іске асыру жөніндегі ұсыныстарды қалыптастыру үшін әлеуметтік-экономикалық міндеттердің тізбесін бекіту туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына, «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабының 4-1) тармағына және «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлаудың және іске асырудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 25 қарашадағы № 725 бұйрығына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қызылорда облысында 2025 жылға арналған мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын іске асыру жөніндегі ұсыныстарды қалыптастыру үшін әлеуметтік-экономикалық міндеттердің тізбесі бекітілсін.

2. «Қызылорда облысының экономика және қаржы басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің бірінші орынбасары Д.Е. Жаналиновке жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қызылорда облысының
әкімі



Н. Нәлібаев

Қызылорда облысы әкімдігінің
2025 жылғы «19» арна №33 қаулысына
қосымша

Қызылорда облысында 2025 жылға арналған мемлекеттік-жекешелік
әріптестік жобаларын іске асыру жөніндегі ұсыныстарды қалыптастыру үшін
әлеуметтік-экономикалық міндеттердің тізбесі

№	Әлеуметтік-экономикалық міндеттемелер
1	Білім саласын дамыту
2	Денсаулық сақтау саласын дамыту
3	Халықты әлеуметтік қорғау
4	Энергетика саласын дамыту, оның ішінде электрмен, сумен, газбен қамтамасыз ету
5	Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту
6	Мәдениет және спорт саласын дамыту
7	Инфрақұрылымды дамыту
8	Аймақты цифрландыру
9	Ормандарды сақтау, қорғау, молайту және орман өсіру
10	Индустриялық-инновациялық саланы дамыту

Қ.А. Қосым